**ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ**

# Жастар және қоғамдық ұйымдар

**103 ОЗР топ**
**Орындаған: Баймахан Султан**
**103 ОЗР топ**
**Қабылдаған: Жұмаділлаева Г. Н.**

# Жоспар

- 1. Жастар дегеніміз кім?
- 2. Қазақстанның жастары
- 3. Қоғамдық ұйымдар дегеніміз не?
- 4. Жастар ұйымдары
- 5. Қазақстандағы жастар ұйымдары

# Жастар дегеніміз кім?

- Жастар – өзінің ерекше әлеуметтік және психологиялық сипаты бар, қоғамның үлкен бір бөлігі. Жастар қатарына 16-30 жас аралығындағы адамдарды қосады. Жастар — бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Олар қоғамның ең мобильді бөлігін құрайды. Жастар әлеуметтік құрылымға өзінің белсенді әсерін тигізе алады.



# Қазақстанның жастары

- Қазақстанда жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясаты туралы заң бойын-ша жастар - 14-29 жас аралығын қамтиды. Демократиялық қоғам дамуының басты көрсеткішінің бірі- жастардың мемлекеттік, жергілікті маңызды шешімдерді қабылдауға қатысуы мен қабылданған шешімдерді шешуге атсалысуы болып табылады. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жас тар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр.



# Қоғамдық ұйымдар дегеніміз не?

- Саяси қоғамдық ұйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшінерікті түрде мүшелікке кірген, оған материялдық көмек көрсететін, өзін-өзі басқаратын адамдардың бірлестігі жатады.Қоғамдық ұйымдар қоғамның саяси өміріне қатысушы адамдардың мақсаттары мен қарым-қатынастарының әр алуандылығын білдіреді.

# Қазақстандағы қоғамдық ұйымдары

- Экологиялық бағыттағы ұйымдар: «Невада-Семей» қозғалысы, «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық қоғамдық комитеті, «Табиғат» комитеті, т.б.Ұлт мәселесін шешуге тырысқан топтар: Қазақстанның «Азат»азаматтық қозғалысы, славяндардың республикалық қоғамдық «Лад» қозғалысы, «Русская община», «Единство» қоғамдық бірлестігі, республикадағы казактар қозғалысы, неміс, ұйғыр, грек, кәріс және т.б. мәдениет орталықтары.Тарихи-ағартушылық қоғамдар: «Мемориал» , «Әділет , «Ақиқат» және т.б.Әлеуметтік талаптар қойған ұйымдар: «Атамекен» , «Алтын бесік» , «Жерұйық» , «Шаңырақ» және т.б.Сонымен қатар республикада ардагерлер, әйелдер, жастар одақтары және т.б. көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар бар.Осылардың бәрі, өз ерекшеліктері болуына қарамастан еңбекшілердің белсенділігін арттырып, Қазақстанның гүлденіп өркендеуіне, тұрақты дамуына үлестерін қосқанда ғана мақсаттарына жетпек.

# Жастар ұйымдары

- Қазіргі уақытта барлық Республика бойынша жастар ұйымдары қызметтерінің активтендірілуі байқалады. Жастар ұйымдарының мақсатты жұмыстары жастардың патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиеленуіне, мемлекеттік тілді насихаттауға, мәдени бос уақытты ұйымдастыруға және жас адамның толық бағалы тұлғасын өздігінен іске асыру және қалыптасуы үшін ұйымдастырушылық жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде жалпы қала жастарын, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған жастарға бөлуге болады, сондықтан, жастардың дәл осы категориясын, мемлекеттік және мемлекеттік емес жастар ұйымдары қызметтерімен тарту механизмы мен қамтуын ойластыру қажет.


РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

# Қазақстандағы жастар ұйымдары

- Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады.Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. «Қайсар» республикалық жастардың қоғамдық-саяси қозғалысы өз қатарында жастар ортасының лидерлары мен белсенді жас адамдарды біріктіреді. «Қайсар» қозғалысының негізгі мақсаты, қаланың (елдің) қоғамдық-саяси өмірінде жастардың қатысуына жағдай жасау, Қазақстанның әрі қарай тұрақты демократиялық дамуына жолданған жас адамдардың неше түрлі бастамасын қолдау болады.

Жас Ұлан

- «Қазақстан Студенттер Альянс» республикалық қозғалысы белсенді жастар ұйымы болып табылады, оның негізгі қызметі студент жастары проблемаларын анықтауға және шешуге, студенттерге әр түрлі қолдау көрсетуге, студенттерді белсенді қоғамдық өмірге тартуға жолданған. Ұйым, жастарды белсенді қоғамдық қызметке тарту, салауатты өмір үлгісін насихаттау, патриоттық сезімді дамыту, студенттік жастар проблемалары бойынша неше түрлі конкурстар мен дөнгелек үстелдерді өткізу, студенттікті өз мәселелерін өздеріне дербес шешу және өз құқықтарына берік болу жөнінде ылғи неше түрлі іс-шаралар өткізеді. Бүгінгі тәуелсіз қоғамы мен егемен еліміздің негізгі үміт артары – жастар. Біз- елдің ертеңі, оның келешегіміз. Сондықтан да, біздің қазақ халқының зор үмітін ақтауымыз керек.

КАЗАКСТАН СТУДЕНТТЕРІНІН АЛЬЯНСЫ